

ӘОЖ 070.97

Қ. Ағыбаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: agybayev.kudiyarbek@kaznu.kz

Электронды бұқаралық ақпарат құралдарындағы жалған ақпараттың пайда болу себептері

Мақалада электронды бұқаралық ақпарат құралдары қоғамда болып жатқан өзгерістердің даму барысындағы қозғаушы күші екенін қарастырады. Электронды ақпарат құралдары арқылы мәдени-әлеуметтік саладан бастап саяси-экономикалық өзекті мәселелерге дейін сәт сайын пайда болып жатқан жаңалықтарды дер мезгілінде біліп отыру белгілі бір ұйымдар мен топтардың ғана емес жұмыр жерді мекендеген барша адамдардың өміріне тереңдеп енді.

Түйін сөздер: электронды бұқаралық ақпарат құралдары, саяси-экономикалық өзекті мәселелер.

K. Agybaev

The reason for the publication of false information in the electronic media

This article describes features and ways of determining ratings of broadcast in national channels in comparison with those in independent and commercial channels.

Key words: electronic media, social and economic problems.

К. Ағыбаев

Причина опубликования ложной информации в электронных СМИ

Данная статья раскрывает особенности и пути определения рейтинга передач на национальных каналах. Автор проводит качественный анализ и сравнивает показатели национальных и независимых коммерческих каналов.

Ключевые слова: электронные СМИ, социально-экономические проблемы.

Қазіргі кезде электронды бұқаралық ақпарат құралдары қоғамда болып жатқан өзгерістердің даму барысындағы қозғаушы күштердің біріне айналды. Күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздегі мәдени-әлеуметтік саладан бастап саяси-экономикалық өзекті мәселелерге дейін сәт сайын пайда болып жатқан жаңалықтарды дер мезгілінде біліп отыру белгілі бір ұйымдар мен топтардың ғана емес жұмыр жерді мекендеген барша адамдардың өміріне тереңдеп енді. Ақпарат тасқыны үдеген сайын оны таратушы саланың да техникалық әдіс-тәсілі мен ұшқырлығы күн санап арта түсті. Соңғы жылдарда ғана орын алған әлемдік оқиғалардың тәжірибесі көрсетке-

ніндей, әсіресе, «XX ғасыр жаңалығы» атанған телевизия мен радионың информациялық қоғамдағы алатын орны айрықша арта түсті.

80-жылдары «Қазақстан телерадио компаниясының» төрағасы болып қызмет атқарған, Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза телерадио журналистерімен өткен кезекті лездемесінде былай деген еді: «Сіздер, телевизия мен радио қызметкерлері, «бомбаның» үстінде отырғандарыңызды әрдайым, естен шығармаңыздар. Жалған немесе әдейі бұрмаланып берілген қандай да бір болмасын ақпарат – адамды, қала берді қоғамды да кенеттен жарылған «бомбадан» да бетер қиын жағдайға душар ете-

ді. Сондықтан да, берілген әрбір жаңалық әділ де, шыншыл және жедел де, ұшқыр ойлы болуы тиіс».

Ақпарат майданында қызмет істейтін әрбір журналист үшін бұл қағиданың – қашанда жұмыс барысындағы бұлжымас ережесіне айналғанын білеміз. Әйтсе де, жаһандану процесі қоғамның барлық саласында шапшаң қарқынмен жүріп жатқан қазіргідей кезде индустриалды өркениеттің ақпарат құралдарын да кей жағдайда, саясат пен экономиканың шырғауына іліктіріп, өз дегеніне көндіріп отырғанын аңғармауға болмайды.

Демократиялық процестерді бәрінен де биікке қоятын Батыстың бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларына көз жүгірткенде де мұндай құбылыстарды айқын аңғарамыз. Еуропа елдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдары негізінен, басты бағыты санайтын Либертариандық териясы бойынша мына міндеттерді орындауға тиіс:»1) Саяси жүйелерді ақпаратпен тұрақты қамтамасыз етіп отыру; 2) Публиканы өзін-өзі басқаруға, ағарту ісінде икемді болуға тәрбиелеу; 3) Үкіметпен арадағы жағдайға байланысты жеке құқықты қамтамасыз ету; 4) Экономикалық жүйелерге қызмет ету (тұтынушыға, сатушыға, тауар, жарнама); 5) Өзінің қаржылық жағдайын жақсарту арқылы белгілі бір қысым көрсетушілерден өзін еркін ұстауға тырысу» [1].

Америка Құрама Штаттарындағы бұқаралық ақпарат құралдары ұстанған әлеуметтік жауапкершілік теориясы да осы алты міндетті қолдайды. Бірақ, ол бұл міндеттерді жеткілікті түрде түгел орындап отыруға шақырмайды. Бұл теория әсіресе, демократиялық процестерді бәрінен де биікке қояды, сөйтіп, экономикалық жүйе екінші орынға ығыстырылады. БАҚ адамдарға, ең алдымен, «әсерлі көңіл күй» сыйлауды мақсат етеді. Сондай-ақ, пресса қаржылай ешкімге тәуелсіз болғанды қалайды.

Батыс теоретиктері бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысына негіз етіп алған бұл ұстанымдардың қазіргі дүниежүзілік жаһандану кезеңінде экономикалық қатынастардың өркендеген, сонымен қатар, мемлекеттік патриотизм идеясы биік сатыға көтерілген замандағы жүзеге асырылу барысына көз жүгіртер болсақ, біршама өзгерістерге ұшырағаны байқалады.

Анығында, сананы азат етуде, сөйтіп, еркіндік пен азаттық сезімді адамзат баласының бойына терең қалыптастыруда бірінші кезекте ақпараттың мүмкіндігіне иек артамыз. Бірақ та, бүкіләлемдік ғылыми мәдениет кеңістігінде-

гі терең өзгерістер тұрғысынан алатын болсақ, гуманистік концепция «батыстық» және «шығыстық» дәстүрдегі ағымдардың қақтығысы жағдайында ғұмыр кешуде екен. Ал, келісімділік пен тепе-теңдік, өзара сұхбаттастық, рухани ортақтастық т.б. мәселелер бұрын да айтылып, тұжырымдалып, әртүрлі ұмтылыстарға мұрындық болғанын білеміз. Бірақ, дәл қазіргідей, дүниежүзілік рухани және мәдени шиеленістердің өрістеп отырған кезіндегідей сұранысқа ие болмағаны да ақиқат. ХХІ ғасыр мәдениетінің әр тұрпатты, сан алуан түрлі болуының себебі мәдениеттердің тоғысуы, араласуы және тұтас тануы екендігі баршамызға мәлім. Екі әлемдік жүйенің арасындағы ұзаққа созылған қатерлі текетірістік – адамзат санасында діни бөлінушілік пен патриоттық көзғарастардың қалыптасуына әсер етті. Мұның өзі кей жағдайда, «демократияшыл», батыстық ақпараттың үнемі мысал етіп көрсететін теориялары мен принциптерінің де ішінара өзгерістерге ұшырай бастағанын көрсетті.

АҚШ-тың Ауғанстанды бомбалауын, Бүкілдүниежүзілік сауда орталығы мен Пентагонға террористердің жасаған шабуылын, Иракқа жасалынған соғысты және басқа да әлем назарын аударған соңғы жылдардағы оқиғаларды бастан-аяқ тікелей эфирден көрсету барысында да әлемдегі ақпарат құралдары бір-біріне ұқсамайтын түрліше бағытты ұстанғандарын білеміз. Бұл тұрғыда, әлем халқы әсіресе, екі ғасыр бойы жасап келген американдық патриотизмнің куәсі болды. Мемлекеттік жалаулар асқан шапшаңдықпен көбейтіліп, қолдан-қолға сатылды. Ел-рәміздері кеңінен насихатталынды. «Нью-Йорк» апталығы сол кездері «Патриотизм дегеніміз – адамдардың өздері білмейтін біреулерді құтқару үшін жасаған ерлік істері» деп жазды. Егер, Вьетнам соғысы кезінде патриотизм Америкада солғындау болса, («Американы сүй немесе ол жерден біржола кет»), ал, кейінгі кездерде ол, ымырашыл бағытта («Американы – бәріміз болып қорғаймыз») болды.

Иракқа жасалынған шабуылдар кезінде «Хабар» телеарнасынан (14 сәуір, 2003 жыл) Швецияның «ТВ-4» телеарнасының жаңалықтар бөлімінің жетекшісі Свент Ирвингтің батыс тележурналистеріне берген интервьюін көрсетті. Онда ол өз еліндегі ақпарат құралдарының хабар таратуда ықпал ететін сыртқы және ішкі факторлардан біржола тәуелсіз екендігін әңгімеледі. 1766 жылы алғашқы БАҚ туралы заңды қабылдаған бұл мемлекеттің ақпарат құралдары

ұстанып отырған бүгінгі күнгі тәуелсіз бағытын жария етті. «Мысал ретінде айтар болсам, араб тіліндегі ақпараттарды жүргізіп отыру үшін сол араб елінен келген, ұлты араб азаматын жұмысқа қабылдадық. Ол осы тілдегі хабарларды әділ де, шынайы түрде көрсетіп, өзі жүргізіп отырады. Бұл – қазір көптеген телеарналарда орын алып отырған жалған ақпараттардың азаюының, және берілген ақпараттың шынайы да дәл болуының бірден-бір кепілі» дейді ол. Әрине, байыптап қарасақ, бұдан батыстық бұқаралық ақпарат құралдарының бәрінде де осындай жағдай қалыптасқан деген көзғарас туындамаса керек. Оны «СНН», «Евро-ньюс», «Әл-жазира», «Ресей» және т.б. арналардың хабарларын күнделікті қадағалап көріп жүрген көзіқарақты көрермен айқын аңғарады.

Жалған ақпарат қайдан және қандай жолдармен пайда болады. Оның ақпарат кеңістігінде орын алуына нендей басты себептер бар. Біздіңше, оны мынадай түрге бөлуге болады:

- Оқиға болып жатқан жерден ақпарат беруші журналистің жеке туындап жатқан көзғарасынан немесе оның саяси-экономикалық жағдайға байланысты сауатсыздығынан;

- Ақпараттың белгілі бір телеарнаның мақсатын көздеп, тек біржақты жағын ғана көрсетуі;

- Оқиға болып жатқан жерден алынатын ақпараттың жеткіліксіз болуы салдарынан жаңалықтың жалаң немесе ұшқары берілуі;

- Мемлекеттік идеологиялық мақсатты көздеп, халыққа әдейі бұрмаланып берілген ақпарат.

- Ескірген жаңалықты белгілі бір мақсатқа пайдалану арқылы жасалынатын ақпарат;

- Кейде, сенсация қуалаймын деп, орынсыз жалған ақпаратқа килігу.

Мысал ретінде келтірер болсақ, жалған ақпарат жасаудағы адамзат үшін ең қатерлісі де, қауіптісі де идеологиялық мақсатты көздеп, халыққа әдейі бұрмаланып жасалған ақпарат екенін жасыруға болмас. Алысқа бармай-ақ, кеңестік қызыл империяның көлеңкесінде жүріп өткен жетпіс жылдан сәл-ақ астам уақыттағы тарихымызға бір сәтке зер салып көрелікші. Әр уақыт кезеңіне қарай, Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген тұрғылықты халықтардың басынан өткен зобаландарын саусақпен санап тауысып шығу мүмкін емес. Еліміздегі болған саяси және қоғамдық өзгерістерге байланысты күні кешеге дейін олардың атына қандай «атақтар» ойластырылып, нендей китұрқы жамаулар жапсырылмады десеніңізші: «буржуа», «феодал», «кулак», «басмашы», «басыбұзық», «пантюкист», «ис-

ламист», «ұлтшыл», «вахабист», «террорист» т.б. атаулар жетіп артылады екен. Бір ғана халықтың басына ойлап табылған осыншама жамаулардың әрбірінің тасасында, арыға бармай-ақ қояйық, репрессия құрбаны Тұрар Рысқұлов пен Желтоқсан құрбаны Қайрат Рысқұлбековке дейінгі аралықтың өзінде ғана қаншама тағдырлардың жатқанын, олардың өмірлерінің біржола жойылып кеткенін, келешек ұрпақ үшін ұстанған биік идеяларының бүкіл әлемнің көз алдында жаншылғанын тарих енді ғана мойындап отырған жоқ па.

Бір ғажабы, идеологиялық мақсатта бұрмаланып жасалынған бұл ақпарат майданының ішінде талай-талай ғалымдар, тарихшылар, философтар, саясаткерлер табандарынан таусылып, күн-түн деместен «қызыл империяға» еңбек етті. Коммунистік идеяны алға тұту арқылы бүтіндей бір елдердің мәдениетіне, тарихына қолдан өзгерістер енгізіп, бұратана халықты опонай өз ыңғайларына көндірді.

Үлкен дағдарысқа кезіккен адамзат рухы өзара құрмет пен ізгілік, парасаттылық пен диалог арқылы тоқырауға жол бермеу әдісін талмай іздестіруде. Енді міне, ХХІ ғасырда «дүние жаңа қатынастар қалыптастырудың атымен жаңа күрделі кезеңге көшті. Дүниені тек, текетірестік тұрғыдан Батыс – Шығыс, Күнгей – Теріскей, ұлы мемлекеттер – «үшінші дүние», ядролық клуб – былайғы әлем деп қарастыратын қағидадан бас тартатын уақыт әлдеқашан болды» [2].

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның бұқаралақ ақпарат құралдарының аяқ алысына көз тастар болсақ, оның әлемдік деңгейді нысана етіп, көштен қалмауға, өз жолы мен қоғамдағы орнын анықтауға тырысып келе жатқанын аңғарамыз. Қоғам әрдайым өзгерісте, он жыл, бес жыл емес, бір жылдың өзі біздің өмірімізге жаңа бір леп, тың үлгі, өзгеше үрдіс әкеп отырғандай. Шетелдік, әсіресе, американдық және батыс еуропалық мәдениет үлгілерінің қоғамымызға тереңірек ене бастағанын да байқау қиын емес. Бұның өзі ұлттық мәдениетіміз бен менталитетімізге, жеке адамның ой өресіне, қоғамға кері әсері болмас па екен деген күдікті де туындатары хақ. Осы орайда, республиканың бұқаралық ақпарат құралдарының елімізде болып жатқан өзгерістерді қоғам айнасы ретінде, өз дәуірінің шежірешісі ретінде қалай көрсетіп отырғанына назар аударайық. Негізінен, Қазақстандағы БАҚ – мемлекеттік және мемлекеттік емес болып екіге бөлінеді десек, осы екі саланың да халқымыздың тұрмыс-тіршілігін баяндауда біршама жақ-

сы ізденіс жасап келе жатқандықтарын атап өту керек. Бірақ, олар осынау міндеттерді әртүрлі мүдде тұрғысынан атқарады. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңда бұл екі саланың да дамуына кедергі жоқ екені айтылған. Ал енді, осы Заңдағы концепцияларға жүгінсек, аталған ақпарат құралдарының біразының дұрыс ақпарат беруде заң тармақтарын бұзып жүргендіктерін байқау қиын емес. Ол қандай мәселеге байланысты десек, журналистік этиканы сақтамау, редакциялардың заң принциптеріне қайшы материалдарды беру, анықталмаған кейбір фактілерді жариялап жіберу, сот және адам құқығына байланысты теріс тенденциядағы материалдар мен ар-ұждан, ұлттық жәйттерге қатысты проблемаларды ушықтырғаны, әрине, ақтауға болмайтын ахуал екені түсінікті.

Еліміз өз тәуелсіздігін алған жылдар ішінде мемлекетаралық қарым-қатынаста өзекті мәселеге айналып отырған осындай өткір саланың бірі – діни болмысымызға да байланысты еді. Бұл бағытта бұқаралық ақпарат құралдарында да аз айтылып жүрген жоқ. Дегенмен де, тоқтала кетерлік жайт – республикамызды мекендеген түрлі халықтар мен этностар арасындағы бұндай шетін мәселенің оң шешімін табуда да Елбасымыз өзі бас болып сындарлы саясат жүргізіліп

келе жатқанын байқаймыз. Атап айтқанда, жыл сайын елімізде діни бірлестіктер мен діни ахуалға байланысты әртүрлі халықаралық конференциялар, симпозиум-семинарлар өткізіліп келеді.

1999 жыл Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұсынысымен «Рухани бірлік пен келісім жылы» деп жарияланған еді. Оның себебі, жоғарыда келтірген кеңестер мемлекеті ыдырағаннан кейінгі жылдары қалыптасқан экономикалық тоқыраушылықтың, саяси сенімсіздіктің, мәдени және рухани жаттанушылықтың негізінде пайда бола бастаған рухани бос кеңістікті толтыруға ұмтылыс салдарынан туған діни болмысқа деген көзғарастың түбегейлі өзгеріске ұшырай бастауына да байланысты. Осы атқарылған шаралардың негізінде республикамызда көпконфессиялы, келісімдегі діни ахуал қалыптасты.

Сайып келгенде, БАҚ өзінің негізгі қызметі халықты ақпаратпен қамтамасыз ету болса, оған қоса қоғамдық пікірді қозғайтын әлеуметтік жағдай, демократия мен саясат, экономика мен мәдениет жөнінде де талдау тұрғыдағы материалдар тасқынын бермей тұра алмайды. Бірақ, қашанда халық мүддесін, мақсатын ұмытпауы тиіс. Демократияның өзі – заңды бұзу деген сөз емес. Ендеше, салауатты өмірді, өркениетті көз десек, БАҚ-та соған қызмет етпек.

Әдебиеттер

- 1 Фред С. Сиберт, У. Шрамм, Т. Питерсон. Четыре теории Прессы. – М.: Вагриус, 45 б.
- 2 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы, 1996. – 145 б.

References

- 1 Fred S. Siebert, W. Schramm, T. Peterson. Shetyre theory Pressy. – M.: Vagrius, 45 b.
- 2 Nazarbayev N.A. Gasyrlar togysynda. – Almaty, 1996. – 145 b.